

Ашаршылық мәселесі

Ашаршылық — саяси-әлеуметтік процестер мен табиғаттағы қолайсыз ахуалдар салдары болып табылатын әлеуметтік апат. Ашаршылық жеке адамның не отбасының ашығуы емес, бүтін бір аймақтың, халықтардың, мемлекеттердің басына түсетін нәубет (бедствие). Оның соңы адамдардың жаппай қырылуына алып келіп, халық санын күрт азайтып жібереді. Ашаршылық мәселенің себептері әр түрлі: қуаңшылық, азаматтық соғыс, геноцид, экономиканың даму деңгейі мен демографиялық «жарылыс». Ашаршылыққа ұшыраған Африка елдері, Азия елдері (Қытай, Үндістан).

Азық-түлік — адамның тіршілік көзі. Азық-түлік қоры мен үздіксіз қамтамасыз ету — адамзат қоғамының басты мақсаты. Азық-түлік молшылығын қамтамасыз ету үшін жер, су тағы басқа ресурстар кеңінен пайдаланылады. Азық-түлікті жыл сайын өндіру ауа райына, құрлықтың жер сипатына тығыз байланысты. Азық-түлік қоры дүниежүзінде әр түрлі қалыптасқан.

Мемлекеттің халқын жеткілікті және әр түрлі тағаммен қамтамасыз ету мүмкін емес, себебі ол өзімен бірнеше факторларды айқындайды. Олар: азықтүлік өндіру өнеркәсібін ұйымдастыру, ұлттық және дүниежүзілік азық түлік нарығын қалыптастыру, бәсекеге қабілеттілік және төлемпаздық, халықтың тамақтану құрылымы мен табыс деңгейі және мемлекеттің әлеуметтік саясаты.

Дамушы елдерде жүз миллиондаған адам азық-түліктің жетіспеушілігінен зардап шегуде. Африка мен Оңтүстік Азия елдерінің көбінде жан басына шаққанда азық-түлікпен қамтамасыз етілу жақсармай, одан әрі нашарлай түсуде. 90-ы жылдары халықтың жаппай ашығуы жөнінен Сахараның оңтүстігінен бастап, бүкіл Африка (ОАР басқа), кейбір Азия, Кариб бассейні, Латын Америкасы көзге түсті.

БҰҰ-ның деректеріне сүйенсек біздің планетамызда 500 млн адам үнемі ашығып, 1 млрд адам тағам толық жетіспейтін елдерде өмір сүреді. Жылына 13-18 млн адам аштықтан қырылады. Оның 75%-ы балалар. Дамушы елдер халқының азық-түлік құрамында әрқашан бір ғана өнім жетекші орын алады. Сондықтан организмге керекті витаминдер мен минералдар жетіспеушілігі байқалады, соның салдарынан денсаулық бұзылады. Ғалымдар тұтынылатын тағамның калориялық нормасы тәулігіне 2300-2600 ккал және 70-100г белоктан кем болмауға тиіс деп санайды.

Әрбір елдегі әлеуметтік – экономикалық жағдайды жөнге келтірмей азық-түлік бағдарламасын ойдағыдай шешу мүмкін емес. Ғаламдық азық-түлік бағдарламасын шешуде аштыққа ұшыраған елдер тамақтанудың толық және үйлесімді құрамына жетуге ұмтылатын елдер, азық түліктің молшылығына жеткен және тамақ өнімдерін артық тұтыну мен күресуші елдердің біріккен іс әрекеттері қажет.

Ең алдымен,

- ✓ ауыл шаруашылығына, әсіресе жаңа жерді игеруге бөлінетін қаржыны арттыруын жүзеге асыру керек;
- ✓ өнімнің шығымдылығын көтеру;
- ✓ мал тұқымдарының жаңа сорттарын кеңінен енгізу;
- ✓ мелиорация жұмысын жүргізу;
- ✓ минералдық тыңайтқыштарды орнымен пайдалану;
- ✓ мұхит байлығын кеңінен пайдалану.

Кения мен Сомали мемлекеттерінің шекарасында күніне 1300 адам өзіне баспана іздеп, басқа елдерге көшіп тұрады. Көшіп келуші адамдардың арасында көбінесе балалар болады.
--

Мексиканың ең басты проблемалары ашаршылық пен кедейлік деп есептеледі. Азық түліктің құны қатты артып кетті, сол себептен қазір қарапайым тағамға әрбір 3-шінің қаржысы жетпейді.
--

Пайдаланған сілтеме:

1. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 бет.ISBN 9965-893-73-Х
2. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Тамақ>